

## ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Нұрсұлтанова Д.А.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үрдіс білім парадигмасының өзгеруі мен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Қазіргі кезеңде психологиялық–педагогикалық әдебиеттер ғылыми технологиялық процестердің жетістіктері мен білім беру саласында «технология» деген ұғым жиі кездеседі. «Технология» деген термин гректің түп тамыры «techne»-өнер, шеберлік, кәсіп және «logos»-ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Жаңа технология егеніміз не? Ол үшін алдымен «техника», «технология», терминдерінің мағынасын түсініп, тереңінде не жатыр соны алдымен аңғаруымыз қажет. Ол үшін әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының тарихына көз жүгірткеніміз жөн. «Техника» терминінің екі мағынасы бар екені айқын:

- біріншісі-өндіріс құралдарының жиынтығы;
  - екіншісі-бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жинағы.
- «Технология» термині сол тәсілдер жүйесі (ілім) деген мағынаны білдіреді. «Технология» түсінігі біркелкі емес түсіндіріледі. С.Смирнов оны төмендегідей анықтайды:
- оқытуды ұйымдастыруда «форма» немесе «әдістеме» түсініктерінің синонимі ретінде (бақылау жұмысын орындау технологиясы, қарым–қатынас технологиясы);
  - нақты педагогикалық жүйенің синонимі ретінде (оқытудың «дәстүрлі» технологиясы, В.В.Давыдовтың, Д.Б.Эльконинаның мектепке арналған жүйесі және т.б.)

Бірақ бұл түсіндірулер «технология» түсінігін ашпайды, сондықтан «білім беру технологиясы», «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» терминдерін қарастыру қажет. Берілген түсініктерді салыстырмалы талдау Л.А.Шкутина, М.К.Танасейчук еңбектеріне көрсетілген [1]. Ф.Б.Гильбрит, Ф.У.Тейлор және т.б. педагогикалық іс-әрекет саласында «технология» деген сөздікті енгізу «индустриалдық» технология деген идеяға негізделген және ол оқытуда техникалық жабдықтарды қолдану мен байланысты. Бұл бағытты бір қатар кеңестік өкіметтің аймағында ғалымдар В.П.Беспалько, Г.И.Питкасисый және т.б. қолдады [2].

Жаңа технология деген не? Бұл сұраққа нақты жауап барма? Үзіп–жұлқып жаңа технология, мына технология, түгеннің технологиясы деп ала қашып, байыз таптырмай берекесін кетірген жоқпыз ба, немесе жаңа технологияның басын бір бөлек, аяғын бір бөлек бөлшектеп алып ат қойып, айдар тағып, аттандырып жүрген жоқпыз ба? Ойлану керек сияқты. Біз алдымен «техника», «технология», «оқыту технологиясы», «білім беру

технологисы», «педагогикалық технология» терминдерінің мағынасын түсініп, тереңінде не жатыр, соны ақылмен аңғаруымыз керек. Ол үшін әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының тарихына көз жүгірткеніміз жөн. «техника» терминінің екі мағынасы бар:

1. Өндіріс құралдарының жиынтығы;
2. Бір істі орындағанда қолданатын тәсілдер жиынтығы;

Шынына келсек, білім беру саласындағы технологиялық идеялар жаңадан пайда болды деу ағаттық. Оқытуды технологияландыру туралы ойды осыдан 400 жыл бұрын Я.Коменский айтқан болатын. Шетел мамандары оқыту технологиясының үш кезеңі болғандығын айтады. Алғашқы кезеңде мұғалім бірде-бір көмекші құрал жабдықсыз ауызша оқыту арқылы оқушыға білім берген. «Бұл кезде—оқыту технологиясының функциясын адамдар тәжірибесі атқарған» дейді А.Талызина екінші кезеңде-кітап басып шығару игерілген соң оқыту технологиясы елеулі өзгеріске түсті, адамдарға әртүрлі дидактикалық материалдар көмекке келді. Қазіргі кезеңде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске душар болып отыр. Мұғалімдер мен оқушыларға әртүрлі дидактикалық материалдар мен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келді. Қазір және болашақта білім беру саласына ғылыми-техникалық революцияға толық еніп, оқытудың мазмұнына және технологиясына зор ықпалын тигізетіні даусыз. «Оқыту технологиясы» терминін алғаш рет АҚШ-та қолдана бастады. Польшаның белгілі дидакторы У.Куписевич пен Ф.Янушкевич оқыту технологиясы жалпы дидактиканың бір бөлігі ретінде оқытудың ең оңтайлы жолын анықтайтынын терең түсіну керектігін қолдады. «Біздің-дейді олар-оқыту технологиясын жалпы дидактикамен немесе оқытудың техникалық құралдарымен теңестіру ойымызда жоқ, өйткені бірінші жағдайда өте кең жалпылай салу, ал екіншісінде тым бір жақты пікір болар еді» Оқыту технологиясын формальды жағынан алғанда, оқу ақпаратын қалыптастыру, өңдеу, тарату, қабылдау, жете түсіну, есте сақтау және қайталап айтып беру сияқты мақсатты динамикалық үрдіс есебінде түсіну керек. Бұл технологиялық үрдіс-білімсіздіктен білімдікке, шорқақтықтан іскерлікке апаратын тура жол. Оқыту технологиясындағы оқыту мен оқу қызметтері, оқыту әдістері мен тәсілдері оқытудың формасы мен техникалық құралдары арқылы байланысып жатады және бірігіп, тоғысып кетеді. «Оқытумен оқудың бірлігін» заңдарын осылайша қарапайым түсіну, оқыту технологиясын қолданбалы ғылым деп айтуға мүмкіндік береді. Оқыту технологиясы-қолданбалы дидактика.

Білім беру технологиясы білім беру стандартына және мемлекеттік бағдарламаларда ұсынылған білім беру әрекетін жүйелі ұйымдастырудың тәсілін, оның жалпы мақсаттық және мазмұндық бағыттарын, ұйымдастыру құрылымымен формасын түсіндіреді. Педагогикалық технология білім беру технологиясын жүзеге асырумен түсіндіріледі. Оған нақты пәннен тәуелді емес, оқу-тәрбие процесін жүзеге асыратын заңдылықтар жатады. Педагогикалық технология ғылым мен практиканың басқа да салаларында

кеңінен таралған, әртүрлі арнайы технологияларды, жаңа ақпараттық технологиялар, электрондық және т.б. кірістіреді.

Оқыту технологиясы педагогикалық технология сұрақтарын, тақырыптарын, затын нақты меңгеруге жол ашады. Оқыту технологиясының анықтамасын Скиннер былай деп берді: «Оқыту технологиясы–психология жетістіктерін педагогикалық практикада қолдану» немесе «Оқыту технологиясы–бұл оқытудың тиімділігін артыру мақсатымен білім беру үрдісін зерттеу негізінде оқу процесін жүзеге асыру және бағалау, бағдарламалардың жүйелі тәсілі». Әрі қарай бағдарламалау идеясының қалыптасуына, оқытудың арнайы техникалық құралдарын жасауға байланысты «оқыту технологиясы» терминінің орнына «білім технологиясы» немесе «оқу процесінің технологиясы» деген термин пайда болады.

В.Беспалько «педагогикалық технология дегеніміз–тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер–оның құрамды бөлігі ғана, оқыту процесін жүзеге асырудың мазмұндық техникада педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі)» деп түсіндіреді [3].

Б.Т.Лихачев «педагогикалық технология–бұл оқытудың формасын, әдісін, тәсілін, тәрбиенің құралын жинақтауды анықтайтын психологиялық-педагогикалық құрылғылардың жинағы», -деген анықтама берсе, Селевко Г.К. «педагогикалық технология» түсінігін, 3 аспект бойынша қарастырады: - ғылыми: педагогикалық технология – жобаланған педагогикалық процесті және оқытудың әдісі мен мазмұнын, мақсатын оқытатын, педагогикалық ғылымның бөлімі;

- бейнелеулі іс-жүргізу: оқытудың жоспарланған нәтижесіне жету үшін әдістермен құралдарды, мазмұны мен мақсатының жиынтығын бейнелейтін процесс, -нақтылы іс-жүргізу: технологиялық процесерді жүзеге асыру, педагогикалық, әдістемелік және тұлғалық құралдарды жинақтау.

В.Н Бордовская және А.А.Реанның көрсетуінше педагогикалық технологиялар дегеніміз бұл білім беру процесіндегі ұстаздар мен оқушылардың жүйелілік іс-әрекеттеріне, ол мақсат мазмұн әдістерді ұйымдастырудың белгілі бір нақтылы принциптері мен өзара байланыстылығына сай нақтылы идея негізінде жасалынады [4].

Г.М.Құсайыновтың пайымдауынша педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа. Ол мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жету мен сабақ беру процесі емес, ол кәсіби ұстаздың басшылығымен оқушылардың өзінің және өзара оқыту процесі, ол білім берудің мазмұны мен оқу жоспарларының бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір сатыларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады.

Технология термині және оның вариациялары: «оқыту технологиялары», «білім беру технологиялары», «оқытудағы технологиялар», «білім берудегі технологиялар» педагогикалық әдебиеттерде қолдана бастады және авторлардың білім беру технологиялық процестерінің

құрылымын көрсетуі бойынша көп анықтамалар пайда Оқу тәжірибесінде технологиялардың әртүрлі түрлері қолданылады. Оларды атап өтейік:

**Құрылымдық-логикалық технологиялар.** Нәтижелердің этаптылық диагностикасын есепке ала отырып әрбір этапта оқытудың мазмұны, формалары, әдістері мен құралдары адекватты таңдау негізінде дидактикалық міндеттерді шешу және логикалық жүйелі қойылуын қамтамасыз ететін оқыту жүйесі этаптылық ұйымдастырылуы болып табылады.

**Интеграциялық технологиялар**-оқу тақырыптары, проблемалары және оқытуды ұйымдастыруды басқа формалары деңгейінде іс-әрекеттің әртүрлі түрлерін, әртүрлі пәндік іскерліктердің интеграциялануын қамтамасыз ететін дидактикалық жүйелер.

**Ойындық технологиялар**-альтернативті варианттар ойындық проектилеу, жеке тренинг тәжірибелік міндеттерді шешуді таңдау негізінде міндеттерді шешу іскерлігін қалыптастыратын әртүрлі ойындарды қолданудың дидактикалық жүйелері болып табылады.

**Тренингті технологиялар**-типтік міндеттерді шешудің нақты алгоритмдерін жасау бойынша оқушылардың іс-әрекетінің жүйесі.

**Информациондық-компьютерлік технологиялар** оқытушылық бағдарламалардың әртүрлі түрлері (информациондық, бақылаушылық, тренингтік) арқылы «оқушы машина» диалогы негізінде компьютерлік оқытудың дидактикалық схемаларында жүзеге асады.

**Диалогтық технологиялар**—субъект-субъект деңгейінде: оқушы-оқытушы», «оқытушы-автор», «оқушы-автор» дидактикалық жүйелерде әрекет ететін диалогтық ойлауға негізделетін оқытудың әдісі мен ұйымдастыру әдісі болып табылады.

Білім беруді нәтижелі жетілдірудің құралы практикаға инновациялық технологияларды кіргізуге батыл шаралар қолдану болып табылады. Сондықтан, Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы өз ойын дамытуға кәне шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілеті бар тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Сол себепті бүгінгі еліміздегі білім беру жүйесінде студенттердің таным белсенділігін дамытатын инновациялық технологиялар көптеп енгізілуде. Оқыту үрдісінің жалпы заңдылықтарына сүйеніп, оның бірыңғай тиімді жүйесін құру, оқу және оқыту қызметтерін толық қамтамасыз ету жағдайларына байланысты педагогикалық зерттеу нысанына айналып отыр. Бұл мәселе бойынша оқытудың мазмұнына мұғалімнің іс-әрекетіне оқушының даму деңгейіне, оқушының оқу әрекетіне, т.б. ерекше назар аударылған. Нәтижесінде мұндай оқыту әдістерінің 50-ге жуық үлгілері ұсынылып, мектеп тәжірибесіне енгізіле бастады. Олардың ішінде кең қолданысқа ие болған оқыту әдістеріне: 1) дамыта оқыту, 2) мәселемен оқыту, 3) бағдарламалап оқыту, 4) ойлау әрекетін кезеңдеп қалыптастыру, 5) танымдық қызығуды дамыту теориясы, 6) дидактикалық бірліктерді ірілендіру, 7) қарқынды оқытудың әдістемелік жүйесі, 8) адамгершілік педагогикасы, 9) білімді» толық игеру» технологиясы, 10) оқу үрдісінде

компьютерді қолдану , 11) мазмұнды жалпылау теориясы, 12) оқытуды оңайландыру, 13) оқу әрекетін белсендіру теориясы, 14) бейімдеп оқыту, 15) саралап оқыту т.б. жатады. Сонымен бірге, білім берудің қазіргі технологиялары, а) оқу-ақпарат жүйесі, ә) шығармашылық тапсырмалар жүйесі, б) үлгілеу жүйесі, т.б.

Бұл тізімдерді жалғастыра беруге болады. Бірақ, біздің мақсатымыз оларды тізіп шығу емес, қарастырылған оқыту әдістемелері мен оқыту технологияларының айырмашылығы неде деген мәселеге талдау жасау. Мысалы, «бағдарламалап оқыту технологиясы» және «қарқынды оқыту әдістемесі». Олардың ерекшелігін айтудан бұрын білім беруді технологияландыру үлгісін жасауда ескерілуі тиіс шарттарға тоқталған жөн.

1. Тұжырымды, яғни, қандайда бір ғылыми тұжырымға сүйенетіндігі немесе негізделгені.

2. Жүйелілігі, яғни, оқу үрдісінің барлық бөліктерінің өзара байланыстылығы.

3. Басқарылуы, яғни, мақсат болжау, оқыту барысын жобалау, т.б.

4. Тиімділігі, яғни, соңғы нәтижесінің білім стандартына сәйкес кепілділігі немесе жемісті болуы.

5. Қабылдануы, яғни, оқушының қабылдау мүмкіндігін ескеру. әдістер мен құралдар.

Осы орайда, білім саласын технологияландыру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының барысына тоқтала кетейік. Мысалы, В.Гузеевтың пікірінше, дидактикалық бірліктерді ірілендіру; білімді саралау мен оқытуды жоспарлау; білім беру технологияларын психологияландыру; білім беру салаларын-компьютерлендіру мәселелерін бірлестіре қарастырған тиімді. Жаңа технологияның жаңа мақсаты бойынша «оқытуды ізгілендіру» қажет деп отырмыз. Ол-оқыту құралдарына деген көзқарасты да өзгеруді талап етеді. Бұл өзгерістер бойынша оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүзеге алатындай құралдар болуы керек. Біздің педагогикалық технологияны құруға қажетті тұжырымдама С.Л.Рубинштейннің еңбектерінде айтылған, ойлау барысында ойлау объектісін жаңа байланыстарға қосуға "педагогикалық, психологиялық берік негізі бар» деген ойынан алынған. Ол бойынша өнертапқыштық пен жаңалықтар ашуға жетелейтін баланың жаңа қасиеттерін ашуға болады екен. Педагогикалық технологияның кәсіптік қызметін ерекше түрі болып табылады. Оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірбиені жұмылдыру қажет. Шындығында да әрбір педагог жаңа технологияны меңгеру барысында өзін-өзі қалыптастырады. Оқытудың жаңа технологияларының барлығы дерлік оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға бағытталған. Қазіргі кезде жалпы дидактикалық технологиялардың бір-бірінен айырмашылығы оқу және оқыту үрдісін ұйымдастырудың әдістері мен құралдарына байланысты оқыту жүйесінің әдістемелік кешенін анықтауда көрінеді[5].

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, педагогтық мақсат-мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты тандап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденіс, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Арстанов М.Ж., Пидкасистый П.И., Хайдаров Ж.С., Проблемно-модульное обучение: Вопросы теории и технологии.-Алма-Ата:Мектеп, 1980.
2. Беспалько В.П. Программированное обучение: Дидактические основы. М.,1970.
3. Беспалько И.П. Слагаемые педагогической тахнологии.-М., 1989.
4. Г.Қ.Шырынбаева «Саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы» Мектептегі технология. – 2005. №3
5. Абылкасымова А.Е. Позновательная самостоятельность в учебной